

# Періште жүрек ақын



**Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, Қазақ КСР және КСРО оқу ісінің озаты, бірнеше медальдар мен Күрмет грамоталарының иегері, ұлағатты ұстаз, педагог ғалым, ақын, жазушы Әдібай Табылдыңның 100 жылдығына орай кітапханамызда «Періште жүрек ақын» атты поэзия кеші болып өтті. Оның өмірі, балалық шағы, шығармалары туралы кеңінен мағлұмат беріліп, кітапхана қорынан кітап көрмесі жасақталып, жалпы оқырмандарға таныстырылды.**

М.Әуезов атындағы ОҚУ Мәдени тыңғу жұмысы кафедрасының қоюшы режиссеры Ақжарқын Нұрғазинаның жетекшілігімен шәкірттері Әдібай Табылдыңның балалық шағынан сахналық қойылым көрсетті. Әсіресе бала тәрбиесі мен адамгершілік тақырыбын арқау еткен жыр жолдары көпшілікке терең ой салды. Кеш қонақтары

ақын шығармаларындағы мейірім, ізгілік, отансүйіштік секілді асыл қасиеттердің бүгінгі қоғам үшін маңыздылығына тоқталды.

Ауыл мектептерінде пионер жетекшісі, мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры, «Қазақ совет энциклопедиясының» бас редакциясында педагогика, тіл-әдебиет редакцияларының меңгерушісі, ҚазМУУ-де жалпы педагогика және этностық педагогика кафедрасында этнопедагогика, педагогика және оқыту-тәрбиелеу әдістемелері бойынша дәріс берген қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі 1926 жылы 2 қаңтарда Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Жаңа тұрмыс ауылында дүниеге келген. Қаламгер саналы ғұмырын білім мен тәрбие ісіне арнады.

1959 жылы жарық көрген «Бөбекке сөз» кітабынан бастап 2001 жылғы «Қайырлы таң, балалар» атты таңдамалы жинағына дейін балаларға арналған 31 кітап шығарды. Үлкендерге арналған «Ана – жүрек», «Жырлайды жүрек», «Қой бағу оңай ма?», «Мен кімін, білесің бе?», «Жыр өмір» кітаптары жарық көрді. «Алыштардың алыбы», «Бәрекелді, Кіріні», «Ғажайып бақ», «Тентек балапан», «Абайландар»

сияқты ертегі пьесалары республикалық қуыршақ театрында (1969-1988) қойылды. «Ұлттық тәрбие пірімдері» (2001), «Қазақ этнопедагогикасы» (2001), «Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі», «Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбиесі» атты оқу құралдары шыққан. «Әдеп әліпшесі» (1997) атты оқу құралы қазақ мектептерінде жеке пән ретінде, тәрбие құралы ретінде кеңінен пайдаланылды. Ғалымның «Халық тағылымы», «Тағылым», «Қазақ этнопедагогикасының методологиясы мен мәдениеттану мәселелері» (2000), тағы басқа да ғылыми-монографиялық еңбектерін жоғары мектеп оқытушылары оқу-тәрбие ісіне пайдаланып жүр.

Тағылымы мол шараның басты мақсаты – ақын мұрасын жас ұрпаққа кеңінен таныту, ұлттық құндылықтарды насихаттау, рухани адамгершілік тәрбие беру. «Періште жүрек ақын» атты поэзиялық кеш ұлт руханиятына қызмет еткен тұлғаның еңбегін ұлықтаудың жарқын үлгісі болды.

**Ш.ЖҰМАШОВА,  
Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы**